

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 17 сәуір N 493. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің мәселелері" жөніндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 тамыздағы N 934 P940934_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 36, 393-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі туралы осыған қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 17 сәуірдегі
N 493 қаулысымен
Бекітілген
Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі
министрлігі туралы
Е Р Е Ж Е

1. Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) ел экономикасының базалық саласы ретінде мұнай-газ өнеркәсібін дамыту жөніндегі бірыңғай саясатты жүргізетін Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады және ол тікелей Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бағынады.

Мұнай және газ операцияларымен, соның ішінде көмірсутегі шикізатын іздестіру, барлау, қорын дайындау, өндіру, ұқсату және өткізумен шұғылданатын, шетелдіктерді қосқанда, Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері министрліктің қарауында болады.

Шетелдік әріптестермен мұнай және газ операцияларын жүргізуге контрактілер жасау мен оларды орындау кезінде министрлік мемлекет

тапсырмасы жөніндегі өкілетті орган ретінде іс-қимыл жасайды.

2. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Министрлік заңды ұйым болып табылады және оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, сондай-ақ фирмалық бланкілері болады.

4. Министрліктің негізгі міндеттері:

мұнай-газ саласын интенсивті дамыту, мемлекеттік экономикалық әлеуетін нығайтуға оның қосар үлесін ұлғайту жөніндегі мемлекеттік саясатты белгілеуге және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге қатысу;

мұнай-газ саласын дамыту, мемлекеттік кредиттеу мен инвестициялаудың тұжырымдамаларын және мемлекеттік нысаналы бағдарламаларын әзірлеу;

мұнай-газ саласының жұмыстарын үйлестіру және қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесе отырып еліміздің отын-энергетика кешенін дамытудың ұзақ мерзімді болжамын жасау;

игерілген мұнай және газ кен орындары мен ұқсатушы қуаттардың әлеуетін тиімді пайдалану;

мұнай, газ және олардың ұқсатылған өнімдерін тасымалдау, соның ішінде сыртқы рынокқа тасымалдау үшін арнаулы құбырлар жүйесін дамыту мен ұтымды пайдалану;

салалық ғылымды дамыту, салада бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүргізу және мұнай мен газ саласындағы салааралық ынтымақтастықты үйлестіру;

мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарының қоршаған ортаға техногендік әсерін төмендету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

республика экономикасын тұрақтандыру мен өрге бастыру мақсатында мұнай-газ саласында түбегейлі экономикалық реформаларды жүзеге асыруға белсенді түрде ықпал ету;

экономикалық реформалардың мемлекеттік саясатына сәйкес мұнай-газ саласындағы қатынастардың құрылымын өзгерту, кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру ісіне, қатысу;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесе отырып мұнай-газ саласына қатысты өнімдер бөлігінде республиканың отын-энергетика балансын әзірлеу және оның өтелуін қамтамасыз ету;

салада қажетті бәсекелестікті қамтамасыз ететін жағдайлар туғызуға бағытталған экономикалық саясатты жүзеге асыру;

халықаралық іс-тәжірибеге және нарықтық экономика талаптарына сәйкес саланың жұмыс істеуі үшін саланы құқықтық және нормативтік негізге салу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

әлемнің басқа мемлекеттерімен, мұнай компанияларымен экономикалық қатынастар мен техникалық ынтымақтастықты дамыту, шетел инвестицияларын тарту мәселелерін келіскен кезде мемлекеттің мүддесін білдіру болып табылады.

5. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

республиканың мұнай-газ өнеркәсібін дамыту жөніндегі жалпыұлттық және салалық бағдарламаларды, сала жұмысының болашақтағы және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлейді және жүзеге асырылуына бақылау жасайды;

көмірсутегі балансын жасауға, Қазақстан Республикасы бюджетінің қалыптасуы мен валюталық әлеуетін құруға қатысты Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарын айқындауға қатысады;

ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша мемлекеттің сатып алуы үшін көмірсутегі шикізаты ресурстарының берілетін көлемін анықтап, таратады, саланың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін көмірсутегі шикізаты мен материалдық ресурстардың мемлекетаралық алыс-беріс мәселелерін келіседі;

мұнай және газ өнеркәсібінің шикізат базасын дамыту үшін геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге және мұнай мен газдың қосымша қорын дайындауға Жер қойнауын қорғау және минералды-шикізат базасын ұлғайтудың республикалық қорынан бөлінетін қаражатты жұмсау бағыттарын келіседі;

салада бағаның қалыптасуы мен салық салу мәселелері жөнінде өз құзыры шегінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне және мемлекеттік басқару органдарына ұсыныстар енгізеді, отын ресурстарының бағалары мен тарифтерін белгіленген тәртіппен бекітуге ұсынады;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып бухгалтерлік есептің салалық әдіснамасын жасайды, саланың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, бухгалтерлік есептің стандарттарын зерделеп, оларды өндіріске енгізеді;

мұнай-газ саласында ғылыми-техникалық прогрестің, ғылым мен өндірістің бірігуінің басым бағыттарын айқындайды;

мұнай мен газ шығару құқығын беруге кәсіпорындарды аттестациялайды.

Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулыларының, Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шешімдерінің және басқа да

нормативтік актілердің орындалуын ұйымдастырады, мұнай-газ саласы кәсіпорындарының қызметі мәселелері жөніндегі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеп, оларды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынады;

мұнай-газ өнеркәсібін дамыту мәселелері жөніндегі өз қызметін Қазақстан Республикасының министрліктерімен, ведомстволарымен және жергілікті өкілді және атқару органдарымен өзара байланыс жасай отырып жүзеге асырады;

ТМД елдері және шетелдік мемлекеттік мекемелерімен, халықаралық ұйымдарымен, шетелдік компаниялармен өзара қатынастарда өз құзыры шегінде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді;

мұнай-газ кешенін құрылымдық жағынан қайта құру саясатын айқындауға қ а т ы с а д ы ;

зиян шегуші мемлекеттік кәсіпорындарды, компанияларды санациялау, оларды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі тиісті мемлекеттік басқару органдарына ұсыныстар енгізеді;

мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына ықпал ететін өндіргіш күштер мен өндірістік қуаттарды орналастыру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

салалық инвестициялық бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асырады;

саланы дамыту жөніндегі ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жасалуын, инвестициялық жобаларды, соның ішінде басқа ведомстволар, шетел фирмалары әзірлеген жобаларды сараптауды ұйымдастырады;

көмірсутегі шикізатын, оны ұқсатудан шыққан өнімдерді экспорттау саласындағы мемлекеттік саясатты айқындап, жүзеге асырады, сыртқы экономикалық қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мұнай-газ саласының өнімдерін сыртқа шығару мен әкелуді реттеуге қатысады;

басқа құзырлы мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық құрамалармен бірлесе отырып мұнай-газ саласы кәсіпорындарының қоршаған ортаға техногенді әсерін төмендету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік компаниялар мен мемлекеттің қатысуымен жұмыс істейтін компаниялардың байқаушы кеңестерінің жұмысына өз өкілдері арқылы қатысады;

саладағы мемлекеттік кадр саясатын айқындап, жүзеге асырады, республикада және шетелде мұнай-газ саласына арналған кадрларды даярлайды ж ә н е қ а й т а д а я р л а й д ы .

6. Министрлік өзіне жүктелген функцияларды қарауы бойынша басқа министрліктермен, ведомстволармен және жергілікті атқарушы өкімет органдарымен өзара іс-қимыл жасау арқылы орындайды.

7. М и н и с т р л і к т і ң :

өз құзыры шегінде сала кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері, сондай-ақ

министрліктің қарауына жататын мәселелерге қатысты заңды ұйымдар мен жеке адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар, нұсқамалар, әдістемелік нұсқаулар мен басқа да нормативтік актілер шығаруға және олардың орындалуын тексеруге құқығы бар. Қажетті жағдайларда басқа министрліктермен және ведомстволармен бірлескен актілер шығаруға;

саланың шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында даулы мәселелерді өз қ ұ з ы р ы ш е г і н д е ш е ш у г е ;

осы Ережеден туындайтын міндеттерді шешу үшін және саладағы нарықтық қатынастарды дамыту үшін компаниялар, концерндер мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзге де нысандарын құру және министрліктің қарауындағы кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды қайта ұйымдастыру мен тарату жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге;

Қазақстан Республикасының және басқа елдердің кәсіпорындарымен, мекемелерімен және ұйымдарымен өз құзыры шегінде келіссөздер жүргізуге ж ә н е к е л і с і м д е р ж а с а с у ғ а ;

республиканың мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарымен контрактілер (шарттар) әзірлеу мен жасау жөніндегі келіссөздер жүргізуге құқығы бар құзырлы орган р е т і н д е і с - қ и м ы л ж а с а у ғ а ;

министрліктің жұмысында туындайтын мәселелерді шешуге арналған комиссиялар мен жұмыс топтарында жұмыс істеуге оның қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, ғылыми мекемелердің мамандарын, сондай-ақ шарттар негізінде өзге салалардың өкілдері мен шетелдік консультанттарды т а р т у ғ а ;

банкіде ағымдағы және валюталық шоттар ашуға құқығы бар.

8. Министрлік өзіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті табыстаған мұнай-газ саласының құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкіне иелік ету, оны пайдалану мен басқару құқығын жүзеге асырады.

9. Министрлікке Министр басшылық етеді, оны Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және қызметінен босатады. Министрдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын о н ы ң о р ы н б а с а р л а р ы б о л а д ы .

10. Министрлікте 15 адамнан тұратын алқа құрылады, оның құрамына Министр (алқа төрағасы), лауазымдар бойынша оның орынбасарлары, министрліктің басшы қызметкерлері, ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар, ұйымдар мен басқа да органдар басшылары болады. Алқа мүшелерін Министрдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Алқа шешімдері Министрдің бұйрығымен іске асырылады.

барлық мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, кәсіпорындарда министрліктің мүддесін білдіреді, шарттар жасасады;

белгіленген адам саны мен еңбекақы қоры шегінде министрлік қызметкерлерінің штаттық кестесін бекітеді, қызметкерлер мен мамандардың лауазымдық еңбекақыларына қарай белгіленген еңбекақы қоры шегінде қызметкерлерге шектеусіз үстемелер, қосымша ақылар, сыйлықтар мен ынталандырушы және өтемдік сипатындағы басқа да төлемдерді дербес белгілейді де төлем жасатады;

министрлік орталық аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

саланың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік акционерлік және холдингтік компаниялардың президенттері мен бақылаушы кеңестері төрағаларының лауазымдарына кандидаттар жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізеді;

саланың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырады;

Министрліктің нысаналы мақсат жөніндегі шығыс сметасының жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады.

12. Министрдің орынбасарлары Министр белгілеген қызметі ауқымы шегінде шешімдер қабылдауға құқылы.

13. Министрлікті ұстау шығындары Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті есебінен қамтамасыз етіледі.

14. Министрлікті қайта ұйымдастыру мен тарату белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.